

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз

августа

ЖАҢАРУ ҮШІН

ДАУЫС БЕР!

ГОЛОСУЙ

ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

www.election.gov.kz



МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ
ҚАЛАЙ?

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



БАБА ТАРИХЫН
ТҮГЕНДЕП ЖАТЫРМЫЗ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ

№97

(4995)

Сейсенбі

18 тамыз

2026 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ҚАНША?

Ұлттық статистика бюросы Қазақстандағы халық саны туралы жаңарған деректі жариялады.

Жарияланған мәліметке сәйкес, 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша республика халқының жалпы саны – 20590589 адам. Жыл басынан бері халық саны 90767 адамға, ал маусымнан шілдеге дейін 14610 адамға артқан. Елімізде 10065819 ер адам және 10524770 әйел тұрады. Қала халқының саны – 13190585 адам. Оның ішінде 6287993 ер адам және 6902592 әйел бар. Ал ауылдық жерлерде 7400004 адам тұрады. Оның 3777826-сы – ер адам, 3622178-і – әйел. Ірі мегаполистер арасында халық саны бойынша Алматы көш бастап тұр. 1 шілдедегі жағдай бойынша қалада 2373772 адам тұрады. Астана халқының саны – 1682721, Шымкентте – 1310681 адам.

«ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВ» ТӨСБЕЛГІСІ



Мемлекеттік наградалар тізімі «Шәмші Қалдаяқов» медалімен және «Қазақстанның еңбек сіңірген суретшісі» құрметті атағымен толықты. Бұл туралы Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мәлім етті.

Министр жаңа марапаттар мәдениет пен өнер саласында еңбек етіп жүрген азаматтардың еңбегін мемлекеттік деңгейде лайықты бағалауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

«Бүгін Президент мемлекеттік наградалар тізіміне «Шәмші Қалдаяқов» медалі мен «Қазақстанның еңбек сіңірген суретшісі» құрметті атағын енгізу туралы шешім қабылдады. Бұл мәні зор шешім мәдениет пен өнердің қоғамдағы мәртебесін арттыруға, осы салаға бар ғұмырын арнаған азаматтардың еңбегін лайықты бағалауға бағытталған жүйелі мемлекеттік саясаттың жалғасы деп білемін» деп жазды Аида Балаева.



БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Жаңа оқу жылының басталуына да санаулы күндер қалды. Кеше елордада Астана қаласы педагогтарының «Білім беру жүйесінің стратегиялық дамуы: конституциялық құндылықтар. Жасанды интеллект және адами капитал» тақырыбында қалалық тамыз форумы өтті. Дәстүрлі жиында 2026-2027 оқу жылына арналған өңірдегі басым міндеттер айқындалды.

САЙЛАУ КҮНІ ТЕГІН ЖҮРЕДІ

23 тамыз – Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауы өтетін күні Астана қаласының қоғамдық көлігінде: автобустар мен Tarlan Astana-да жол жүру тегін болады деп хабарлады City Transportation Systems компаниясының баспасөз қызметі.

Тегін жол жүру келесі бағыттарда қолжетімді:
– Tarlan Astana жеңіл рельсті көлік жүйесінде;
– қалалық бағдарларда;
– экспресс-бағдарларда;
– қала маңы бағдарларында.



«Бұл шара азаматтардың қала ішінде еркін қатынауын қамтамасыз ету және сайлау учаскелеріне қолжетімділікті арттыру мақсатында ұйымдастырылады. Жолаушылардан сапарларын жоспарлау кезінде осы ақпаратты ескеруді сұраймыз» делінген хабарламада.

ҚЫСҚА МЕРЗІМДЕ – ЖАҢА МАМАНДЫҚ

Елордада жүзеге асып жатқан Joltar жобасы қысқамерзімді кәсіптік білім беру бағдарламалары арқылы жастарға жаңа мамандық игеруге мүмкіндік беріп отыр.

Бұл жобаның басты ерекшелігі – теориядан гөрі практикалық оқуға басымдық берілуі. Joltar аясында еңбек нарығындағы сұранысқа сәйкес 18 бағыт бойынша тегін білім беріледі. Оның 12-сі жұмысшы мамандықтарға, ал 6-уы цифрлық бағыттарға арналған. Оқу ұзақтығы таңдалған мамандыққа қарай 5 күннен 22 күнге дейін созылады. Сабақтардың 80 пайызы практикалық дайындыққа бағытталған.

«Жоба ең алдымен жұмыссыз азаматтарға, тұрақсыз табыс табатын адамдарға, NEET санатындағы жастарға, көпбалалы аналарға, әлеуметтік осал топтарға, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға, қандастарға және оқуын жаңа аяқтаған түлектерге бағытталған. Оған Астана агломерациясына кіретін Қосшы, Қоянды, Талапкер, Үркер және басқа да елді мекендердің тұрғындары қатыса алады» делінген хабарламада.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 536.18 \$ USD/KZT 464.02 ₸ RUB/KZT 5.54 ¥ CNY/KZT 68.63

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



АҚОРДА



ЭКОНОМИКА МЕН БЮДЖЕТТІ ТАЛҚЫЛАДЫ

Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен ұлттық экономиканы дамыту және бюджетті жоспарлау мәселелері жөнінде кеңес өтті.

Іс-шараға Премьер-министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің басшысы Роман Скляр, Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов, Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайылов, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, Президенттің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі Нұрлан Байбазаров және Қаржы

министрі Мәди Тәкиев қатысты. Президентке экономиканың қазіргі ахуалы туралы баяндалып, 2027-2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамдары, 2027-2029 жылғы республикалық бюджет параметрлері жөнінде мәлімет берілді.

Талқылау барысында Қасым-Жомарт Тоқаев биыл экономикалық өсім көрсеткіштеріне қол жеткізу, сондай-ақ республи-

калық және жергілікті бюджет теңгерімділігін қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысы 2027-2029 жылдарға арналған бюджеттің негізгі басымдықтарының бірі – аурухана, балаларды оңалту орталығы, мәдениет, спорт ғимараттары секілді инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандар құрылысын жеделдетіп салу керек екенін айтты.

ІТ МАМАНДЫҚТАРЫН МЕҢГЕРЕ АЛАДЫ

Astana Hub Tech Orda бағдарламасының бесінші, мерейтойлық маусымына өтінім қабылдау басталғанын хабарлайды. Қазақстанның 18 бен 45 жас аралығындағы азаматтары еліміздің барлық өңіріндегі аккредиттелген ІТ-мектептерде оқуға арналған ваучер алып, ең сұранысқа ие цифрлық мамандықтардың бірін меңгере алады.

Бағдарлама аясында қатысушылар офлайн форматтағы оқу үшін 500000 теңгеге дейін, ал онлайн немесе гибридіті форматтағы оқу үшін 400000 теңгеге дейін номиналды ваучер ала алады.

Tech Orda – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің қолдауымен жүзеге асатын Astana Hub бағдарламасы. Ол білікті ІТ-мамандарды даярлауға және еліміздегі жеке ІТ-білім беру инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

– Технологиялар саласындағы адами капиталды дамыту – Қазақстанның цифрлық трансформациясының негізгі басымдықтарының бірі. Tech Orda бағдарламасы қазақстандықтарға еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды меңгеруге, ал бизнеске білікті кадрларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.


Мұндай бағдарламаларға сұраныстың жоғары екенін көріп отырмыз және адамдардың ІТ саласында мансап құруына әрі елдің инновациялық экономикасын дамытуға ықпал ететін бастамаларды қолдауды жалғастырамыз, – деді Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев.

Оқу цифрлық индустрияның ең сұранысқа ие бағыттары бойынша қолжетімді: жасанды интеллект, киберқауіпсіздік, бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, деректерді талдау, Cloud & DevOps, GameDev, өнім менеджменті, UI/UX-дизайн және басқа да мамандықтар.

Бағдарлама іске асқан 2021-2026 жылдар аралығында 12,5 мыңнан астам қазақстандық білім алды. Мониторинг нәти-

желері бойынша экономикалық белсенді түлектердің 90%-ы жұмысқа орналасқан, ал олардың орташа жалақысы 725 мың теңгені құрайды, бұл елдегі орташа айлық жалақыдан шамамен 43%-ға жоғары. Сондай-ақ 3,2 мыңнан астам адам Tech Orda бағдарламасының арқасында мамандығын өзгертіп, ІТ саласында мансабын бастады.

Бағдарлама түлектерін 1287 компания жұмысқа қабылдады. Олардың қатарында Kaspi.kz, Halyk Bank, Freedom Finance, Kolesa Group, Kcell, EPAM Kazakhstan, Yandex, Wolt, 2GIS, Deloitte, KPMG, EY және Accenture сияқты жетекші компаниялар бар. Бағдарламаға қатысатын ІТ-мектептердің 30%-дан астамы – өңірлік мектептер, бұл еліміздің барлық өңірінде сапалы ІТ-білімге қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді.



ҮКІМЕТ



ТҮРЛІ НЫСАНДАР АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында ел өңірлерінде инфрақұрылымды дамыту және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, жаңа әлеуметтік және көлік нысандары пайдалануға берілді.

Өткен аптада іске қосылған негізгі жобалар:

Түркістан облысында ғасырлық тарихы бар «Түлкі-бас» теміржол вокзалының реконструкциясы аяқталды. Кешен тәулігіне шамамен 200 жолаушыға қызмет көрсетуге есептелген. Құту залының сыйымдылығы екі есеге артып, 90 орынға жетті. Ғимаратта мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін кедергісіз орта қалыптасты. Мұнда кассалар, анықтама бюросы, тамақтану орындары, ана мен бала бөлмесі жұмыс істейді.

«Ауыл – ел бесігі» мемле-

кеттік бағдарламасы аясында Жамбыл облысының Нұрлыкент ауылында әмбебап залы мен заманауи спорт құрал-жабдықтары бар жаңа спорт кешені ашылды. Жалпы өңірде 2465 спорт нысаны жұмыс істейді. Өткен жылы 10 спорт кешені пайдалануға берілсе, биыл тағы 12 кешеннің құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Алматы облысының Жібек жолы ауылында құны 658 млн теңге болатын 200 орындық Мәдениет үйі ашылды. Аумағы 5 гектарды құрайтын кешен сахна, көрермендер залы және шығармашылық

үйірмелерге арналған кабинеттермен жабдықталған. Нысан базасында ұлттық өнер үйірмелері, «Шежіре» ақындар орталығы және аға буын ансамблі жұмысын бастады.

Президенттің «Кітап оқитын ұлт» жобасын жүзеге асыру жөніндегі тапсырмалары аясында Алматыда қалалық кітапханалардың кітап беру пункттері ашыла бастады. Пункт Жетісу ауданындағы сауда орталығында ашылып, 2 мыңнан астам кітап қоры жинақталды. Бұл кітапхана қызметтерін қала тұрғындары үшін қолжетімді ете түсті.

20 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Елімізде геология-геофизиканың зерттелу деңгейін арттыру үшін 1:200000 масштабындағы өңірлік зерттеу жүріп жатыр.

Жыл соңына дейін зерттелген аумақты 2,2 млн шаршы шақырымға дейін жеткізу жоспарланған. Сонымен қатар 25 нысандағы жұмысты аяқтау көзделген.

«Негізгі бағыттың бірі – 1:50000 масштабындағы геология түсіріліміне көшу. 2026 жылы алтын, мыс, полиметалдар, сирек жер элементтері, литий, вольфрам, молибден және басқа да стратегиялық

пайдалы қазбалардың перспективалы учаскелерін анықтауға бағытталған 20 жобаны іске асыру басталды» делінген хабарламада.

Солтүстік Торғай және Шу-Сарысу аз зерттелген шөгінді бассейндері аумағында 2Д сейсмобарлау жұмысының алты жобасын іске қосу жоспарланып отыр. 2026-2028 жылдары геология түсірілімі және сейсмобарлау жұмысын

жүргізуге Үкімет резервінен 40,7 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде 32,7 млрд теңге ГС-50 жұмысына, ал 8 млрд теңге сейсмобарлау жұмысына бағытталады.

Жобалар аясында аэро-геофизика, геохимия және зертхана зерттеулері, Жерді қашықтан зондтау деректерін дешифрлеу, бұрғылау және ұңғымаларды геофизикалық зерттеу жұмысы жүргізіледі.



МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Қазақстанда 75,7 млрд теңгенің заңсыз иемденілген жылжымайтын мүлкі мемлекетке қайтарылды.

Елімізде 2023 жылдың қыркүйегінен бері мемлекетке жалпы құны 1,154 трлн теңгеге бағаланған заңсыз иемденілген активтер қайтарылды. Оның 75,7 млрд теңгесі – жылжымайтын мүлік.

ҚР Бас прокуратурасының мәліметінше, Активтерді қайтару комитеті мемлекет меншігіне жалпы сомасы

1,154 трлн теңгенің активтерін қайтарған. Атап айтқанда: ақшалай қаражат – 1,044 трлн теңге; жылжымайтын мүлік – 75,7 млрд теңге; компаниялардағы үлестер – 12,1 млрд теңге; жер телімдері – 19,2 млрд теңге; өзге активтер – 2,9 млрд теңге. Жылдар бойынша қайтарылған активтердің көлемі: 2024 жылы – 302,5

млрд теңге; 2025 жылы – 773,7 млрд теңге; 2026 жылы – 77,7 млрд теңге.

Бұған дейін Астанада қайтарылған активтер есебінен 1200 орындық жаңа мектеп салынатыны хабарланған. Сондай-ақ Щучинск пен Бұрабайдың сумен жабдықтау жүйесін жаңғыртуға қайтарылған активтер есебінен 1,4 млрд теңге бөлінді.

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Астанада қалалық тамыз педагогтар конференциясы өтті. Биылғы іс-шара білім беру жүйесін стратегиялық тұрғыдан жетілдіруге, конституциялық құндылықтарға, жасанды интеллектіге және адами капиталды дамытуға арналды.



Қалалық Білім басқармасының бас-тамасымен ұйымдастырылған форум офлайн форматта 3 мыңға жуық педагогтың, ал онлайн форматта 20 мыңнан астам қатысушының басын қосты. Жиынға Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, білім беру ұйымдарының басшылары, ғалымдар, сарапшылар, педагогтар, сондай-ақ білім беру саясаты саласындағы халықаралық мамандар қатысты.

Пленарлық отырыс барысында қатысушылар елордадағы білім беру жүйесінің негізгі міндеттерін, оқыту сапасын арттыруды, педагогтардың кәсіби әлеуетін дамытуды, жасанды интеллектіні енгізуді, сондай-ақ оқушылардың әрі қарай білім алуы мен кәсіби қызметіне қажетті құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыру мәселелерін талқылады.

Негізгі тақырыптардың бірі – білім беру инфрақұрылымын одан әрі жаңғырту. Білім басқармасының мәліметінше, қаладағы оқушылар саны жыл сайын 20 мыңнан астам балаға артып келеді. 2029-2030 оқу жылына қарай қала мектептерінде шамамен 400 мың бала білім алады деп күтіліп отыр. Осыған байланысты Астананың Бас жоспарында 140 жаңа мектеп салуға арналған жер учаскелері қарастырылған.

Елорда әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, инфрақұрылымды дамыту білім сапасын арттырумен қатар жүруі керек. Астана оқушылары зияткерлік жарыстарда да жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Соңғы үш жылда елордалық оқушылар халықаралық және республикалық олимпиадаларда 331

медаль жеңіп алды. Оның 83-і – алтын, 100-і – күміс, 148-і – қола медаль.

Форумда педагог кадрларды даярлау мәселесіне де ерекше назар аударылды. Қазіргі таңда Астана қаласындағы жоғары оқу орындарында шамамен 5 мың студент педагогика мамандықтары бойынша білім алып жатыр. Биыл оқуын аяқтаған 500 жас маман елорда мектептерінде еңбек жолын бастады.

Қала әкімінің айтуынша, соңғы бес жылда Астана әкімдігі болашақ педагогтарды даярлауға арналған шамамен 4 мың білім беру грантын бөлген.

«Соңғы үш жылда 110 мың оқушыға арналған 44 мектеп салынды. Оның 24-і – Мемлекет басшысының «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында. Сонымен қатар 6 оқушылар сарайы, 3 мемлекеттік балабақша және басқа да нысандар салынды. Биыл тағы 11,5 мың оқушыға арналған 10 мектеп пайдалануға беріледі. Оның 8-і 1 қыркүйекке дейін ашылады. 2027 жылға 34 мың оқушыға арналған тағы 19 мектеп салу жоспарланып отыр» деді Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек.

Форумның негізгі бағыттарының бірі – білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні енгізу. Жаңа оқу жылынан бастап Астанада «AI Teacher Astana» жобасын іске қосу жоспарланып отыр. Жоба педагогтардың жасанды интеллект құралдарын тиімді әрі жауапкершілікпен пайдалану бойынша практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталды.

Сонымен қатар қыркүйек айынан бастап «Science Lab» жобасы іске қосылады. Жоба жаратылыстану-ғылыми пәндерді оқытудың практикалық

бағытын күшейтуге арналған. Оның аясында оқушылар теорияны меңгеріп қана қоймай, өздері тәжірибе жасап, зерттеу жүргізеді, деректермен жұмыс істейді, нәтижелерді талдап, өз тұжырымын дәлелдеуді үйренеді.

«Астана мектептері бұл баланың күніне алты сағат уақыт өткізетін жай ғана ғимараттар емес. Бұл – қаланың білім беру экосистемесіне бастайтын жол» деді Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев.

Тағы бір маңызды бағыт – жауапты азамат тәрбиелеу. Елордада «Қала менен басталады» атты қалалық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Оның мақсаты – оқушыларға білім беріп қана қоймай, жауапкершілік пен қоғам өміріне араласудың нақты тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік беру.

Форумда инклюзивті білім беруді дамыту мәселесі де талқыланды. Қазіргі таңда Астанада орта білім беру деңгейінде 5 мыңнан астам бала инклюзивті оқытумен қамтылған. Мектептерде инклюзияны қолдауға арналған 98 кабинет жұмыс істейді. Биыл тағы 20 кабинет ашу жоспарланып отыр.

Қасымхан Сенғазыевтың айтуынша, инклюзияға қатысты тәсіл сандық көрсеткіштерден әр баланың нақты жетістігін бағалауға қарай өзгереді.

«Негізгі көрсеткіштер ретінде баланың білім алудағы ілгерілеуі, дербестігі, әлеуметтенуі және мектеп өміріне белсенді қатысуы алынады» деп атап өтті ол.

Форум аясында «Білім. AI. Болашақ: инновациялар және серіктестік» атты білім беру көрмесі де ұйымдастырылды. Онда халықаралық және отандық IT-компаниялар, білім беру ұйымдары мен стартаптар білім беру саласына арналған цифрлық шешімдер мен заманауи технологияларын таныстырды.

Түстен кейін форум жұмысы білім беру менеджменті, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, инклюзивті және қосымша білім беру, педагогтардың кәсіби дамуы, тәрбие жұмысы, психология қызметі және басқа да бағыттарды қамтыған 16 панельдік сессияда жалғасты.

Форумның екінші күні, 18 тамызда, елорданың барлық білім беру ұйымдарында бірыңғай әдістемелік кеңес өтеді. Педагогтар телемост форматында форумда ұсынылған тәжірибелер мен ұсынымдарды талқылап, жаңа оқу жылындағы басым міндеттерді айқындайды.

Екі күндік форум қорытындысы бойынша оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру, жасанды интеллектіні тиімді пайдалану, педагогтардың кәсіби дамуы және білім сапасын арттыру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу жоспарланып отыр.



ЖЕТІСУЛЫҚ КРЕАТОРЛАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

Елордадағы Qazaq Creative Hub алаңында Creative Aймақ республикалық жобасы аясында Жетісу облысының креативті индустриялар жәрмеңкесі өтті.

Оған өңірдің 30 креаторы қатысты. Олар ұлттық қолөнер, дизайн, өнер, гастрономия және заманауи технологиялар саласындағы өнімдері мен жобаларын ұсынды. Екі күн ішінде жәрмеңкеге 5 мыңға жуық адам келді.

«Іс-шара қорытындысы бойынша креативті өнімдердің тікелей сатылым көлемі шамамен 16 млн теңгені құрады. Атап айтқанда, суретшілердің картиналары 9 млн 975 мың теңгеге, шеберлердің бұйымдары 3 млн 85 мың теңгеге, ұлттық қолөнер бұйымдары 800

мың теңгеге, өзге де өнімдер 961 мың теңгеге сатылды» делінген хабарламада.

Келушілер электрлі велосипед, ұлттық ойыншықтар мен бас киімдер, зергерлік және ағаш бұйымдарын, киіз аяқ киімдерді сатып алды. Сонымен қатар дизайнер Зере Есенбай сахна костюмдерінің дизайнын әзірлеу және тігу бойынша 40 млн теңгеге келісімшарт жасасты. Тікелей сатылым мен келісімшартты қоса есептегенде, жәрмеңкенің жалпы экономикалық нәтижесі шамамен 56 млн теңгені құрады.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕКТЕП БОЙ КӨТЕРДІ

Бас қалада шетелдік инвесторлардың қатысуымен жүзеге асқан ірі білім беру жобасы – халықаралық SABIS мектебінің ашылу рәсімі өтті.

Жоба Абу-Дабі Тақ мұрагерінің Қазақстанға сапары барысында қол жеткен келісімдердің нәтижесінде жүзеге асып, білім беру мен адами капиталды дамытуға инвестиция тартудың жарқын үлгісіне айналды. Ашылу салтанатына мемлекеттік органдардың өкілдері, инвесторлар, мектеп басшылығы, педагогтар, ата-аналар мен оқушылар жиналды. Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитетінен аппарат басшысы Радик Мамбетов қатысты.

Жобаның барлық кезеңі прокуратура органдарының сүйемелдеуімен жүзеге асты. Құрылыс барысында инвестор бірқатар әкімшілік

мәселелерге тап болып, олар прокурорлардың жәрдемімен жедел шешімін тапты. Атап айтқанда, су қорғау аймағын айқындауға байланысты кедергілер жойылып, нысанды пайдалануға беру кезінде де қолдау көрсетілді. Жобаның соңғы кезеңінде Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті инвестор, Астана қаласының әкімдігі және қалалық Полиция департаменті арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етті. Нәтижесінде мектепке апаратын уақытша кіреберіс жолды салу сызбасы келісіліп, оқушылар мен педагогтар үшін қауіпсіз жағдай жасалып, нысан жаңа оқу жылының алдында ашылды.



АҚПАРАТ ТАРАТУДА АСҚАН ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕРЕК

Сайлауалды науқан кезінде журналистердің, белсенділер мен блогерлердің қызметіне қатысты түрлі сауал туындап отыр. Осыған байланысты бірқатар мәселеге арнайы тоқталып, түсінік беруді жөн көрдім. Ең алдымен, журналистер мен блогерлердің заң шеңберінде өз қызметін еркін жүзеге асыруға, соның ішінде фото және бейнетүсірілім жүргізуге құқығы бар екенін атап өткім келеді.



ҚР «Масс-медиа туралы» заңына сәйкес, журналистер кәсіби қызметі барысында фотоға, аудиого және бейнеге түсіруге, сондай-ақ ақпарат таратуға құқылы. Бұл ретте журналистер де, блогерлер де адамның келісімінсіз мынадай үш жағдайда түсірілім жүргізе алады:

- егер адам ойын-сауық, мәдени-бұқаралық, мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға, спорттық-бұқаралық іс-шараларға, бейбіт жиыныстарға немесе өзге де көпшілік іс-шараларға қатысса не сол жерде болса;
- егер таратылатын ақпараттағы адамның бейнесі оның қызметтік және (немесе) қоғамдық қызметіне қатысты болса, сондай-ақ ол өз бейнесін ашық қолжетімді дереккөзде өзі жариялаған жағдайда;
- егер адамның бейнесін пайдалану қоғамдық тәртіпті қорғау мақсатында қажет болса.

Сонымен қатар бірқатар бұқаралық ақпарат құралдарының, белсенділер мен блогерлердің әлеуметтік желідегі парақшалары жаппай бұғатталып жатқаны туралы ақпаратқа да жеке тоқталғым келеді.

Журналистер мен блогерлердің кәсіби қызметіне немесе сөз бостандығына негізсіз шектеу қойылды деген пікір туғызатын кез келген әрекет тек жекелеген

журналистер мен блогерлерге ғана емес, мемлекеттік органдардың беделіне де нұқсан келтіреді. Бұл мәселе сайлау науқаны кезінде айрықша маңызды. Мәдениет және ақпарат министрлігі әлеуметтік желі қолданушыларының, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистердің аккаунттарын бұғаттамайды. Мемлекет те мұндай әрекеттерге немесе сөз бен пікір еркіндігін шектеуге мүдделі емес. Керісінше, мұндай әрекеттер мемлекет пен оның институттарының беделіне нұқсан келтіріп, оларды қоғам алдында теріс көрсетуге пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ бұл министрліктің сөз бостандығын қамтамасыз ету бағытындағы жұмысына кедергі келтіреді.

Өкінішке қарай, соңғы уақытта осы тұрғыда алаңдататын жағдайлар байқалып отыр. Сондықтан масс-медиа саласындағы уәкілетті орган ретінде біз, ең алдымен, сөз бостандығына кепілдік беретін заңды құқықтардың жүзеге асуына қолдау көрсетеміз. Бұл мәселелер Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан бүгінгі уақытта ерекше мәнге ие. Жаңа Конституция қабылданды, негізгі мемлекеттік институттарды жаңарту үдерісі басталды, алда Құрылтайды қалыптастыру міндеті тұр. Елімізде жаңа саяси және қоғамдық

мәдениеттің негізі қаланып жатыр. Оның өзегінде мемлекет кепілдік берген құқық, бостандықпен қатар, әр азаматтың өз әрекетіне жауапкершілігі де тұруға тиіс. Бұл – Әділетті Қазақстанның негізгі қағидаттарының бірі. Заң алдында лауазымына, мәртебесіне, кәсібіне, қоғамдағы танымалдығына немесе әлеуметтік желідегі жазылушыларының санына қарамастан бәрі тең. Осы ұстаным «Заң мен тәртіп» қағидатының мазмұнын айқындайды. Мемлекет сөз бостандығын, журналистер мен блогерлердің заңды қызметін қамтамасыз етуге және қорғауға міндетті. Ал сөз бостандығы таратылатын ақпарат үшін жауапкершілікті де талап етеді. Бір адамның құқығы екінші адамның құқығын бұзу есебінен жүзеге аспауға тиіс. Қоғамдағы мәртебе де ешкімге заң талаптарын елемейтін артықшылық бермейді.

Бүгінде «Адал азамат» құндылықтарының маңызы артып келеді. Бұл – өз құқығын ғана емес, қоғам мен мемлекет алдындағы міндетін де түсінетін, заңды құрметтейтін, жауапкершілігі жоғары әрі жасампаз азаматтың бейнесі. Жаңа саяси кезең бізден осындай азаматтық жауапкершілік пен кемелдікті талап етеді. Сонымен бірге журналистер мен блогерлер үшін аса маңызды тағы бір қағидатты

ұмытпауымыз керек. Ол – таратылатын ақпараттың анықтығын міндетті түрде тексеру. Осыған байланысты әлеуметтік желілер мен онлайн-платформалардың әкімшіліктерін заңға қайшы контентті дер кезінде анықтап, жою жөніндегі жұмысты күшейтуге шақырамын. Алайда заңға қайшы материал мен заңды түрде айтылған пікірдің, кәсіби журналистік қызмет пен қоғамдық пікірталастың аражігін нақты ажырату аса маңызды. Заңсыз контентпен күрес сөз бостандығын негізсіз шектеуге әкелмеуге тиіс.

Сөз бостандығы мен жауапкершілік бір-біріне қайшы ұғымдар емес. Керісінше, олардың үйлесімі азаматтардың құқығы сенімді қорғалатын, заң бәріне бірдей қолданылатын, ал қоғамдық диалог нақты дерекке, өзара құрмет пен жауапкершілікке негізделетін кемел қоғам қалыптастырады. Осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен блогерлерді тарататын ақпаратына жауапкершілікпен қарауға, дереккөздерді мұқият тексеруге және масс-медиа, онлайн-платформалар мен сайлау туралы заңнама талаптарын сақтауға шақырамын.

Аида БАЛАЕВА,
ҚР Мәдениет және ақпарат министрі

ӨҢІРГЕ ҚАЖЕТ БІЛІМ, ЭКОНОМИКАҒА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН ҒЫЛЫМ:

«АУЫЛ» ПАРТИЯСЫ НЕ ҰСЫНАДЫ?

Білімді нақты экономикамен ұштастыру, өңірлерге қажетті мамандар даярлау және отандық ғылымды дамыту мәселелері Құрылтай депутаттығына кандидат, «Ауыл» партиясының төрағасы Қайрат Айтуғановтың Павлодардағы ғылыми қауым өкілдері, профессорлар және оқытушылармен кездесуінде негізгі тақырыпқа айналды.



Кездесуде білім беру жүйесін ел мен өңірлердің нақты қажеттіліктеріне қалай жақындатуға болатыны талқыланды. «Ауыл» партиясының сайлауалды бағдарламасында осы

аса қажет жерлерде қолдануға мүмкіндік беруі тиіс.

Кездесуде аграрлық ғылымның жай-күйі де сөз болды. «Ауыл» партиясының бағдарламасында



бағыттағы ұсыныстардың бірі – оқу-өндірістік кешендерді қайта жандандырып, мектептерде жұмыс берушілермен бірлесіп бейіндік сыныптар ашу. Бұл оқушылардың мамандықтармен ертерек танысып, тәжірибелік дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік береді.

Ауылдық аумақтар мен агро-өнеркәсіп кешеніне қажетті мамандарды даярлау мәселесіне де ерекше назар аударылды. Партия агроколледждер мен аграрлық жоғары оқу орындарының базасында оқыту және қайта даярлау бағдарламаларын кеңейтуді, сондай-ақ ауыл жастарының сұранысқа ие мамандықтар бойынша заманауи білім алу мүмкіндігін арттыруды ұсынады.

Осы міндетпен «Ауылдан – диплом алуға, кейін елге – жұмыспен, баспанамен және болашаққа мүмкіндікпен!» бастамасы да сабақтас. Оның мәні – білім алу жастар үшін ауылдан біржола кетудің жолына айналмай, керісінше, туған өңіріне оралып, алған білімін мамандар

ғылыми зерттеулерге инвестицияны ұлғайтып, толық циклді отандық технологияларды дамыту көзделген. Соның ішінде тұқымға, асыл тұқымды малға және ауыл шаруашылығы техникасына импорттық тәуелділікті азайту мәселесі бар.

Партия аға буын өкілдері үшін қолжетімді цифрлық сауаттылық бағдарламаларын дамытуды да ұсынады. Бұл технологиялық өзгерістердің ұрпақтар арасындағы алшақтықты ұлғайтпауына мүмкіндік береді.

Павлодардағы кездесу білім мен ғылым мәселелерінің өңірлердің дамуына, жұмыспен қамтуға және экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне тікелей әсер ететінін көрсетті. Сондықтан «Ауыл» партиясы бұл бағытқа жеке басымдық берген: партияның сайлауалды бағдарламасында мектептегі кәсіби бағдардан бастап маман даярлауға, отандық ғылыми эзирлемелерді қолдауға дейінгі нақты ұсыныстар қамтылған.

Тапсырыс беруші: «Ауыл» партиясы» республикалық қоғамдық бірлестігі «Ауыл» партиясы» республикалық қоғамдық бірлестігі сайлау қорының қаражаты есебінен төленді

ҚҰРМЕТТІ АСТАНАЛЫҚ АРДАГЕРЛЕР!

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға байланысты 2026 жылғы 23 тамыз күні сіздерді дауыс беруге белсенді қатысуға шақырамыз.

Былғы мемлекеттегі жаңа өзгерістер – өз қолымызда. Сіздің дауысыңыз – тәуелсіз Қазақстанның дауысы, қауымдастығымыздың және болашағымыздың ертеңгі күніне қосылған үлес арқылы біз маңызды

шешімдердің қабылдануына тікелей әсер ете аламыз. Ортақ болашағымыз үшін белсенділікті арттырып, өз таңдауымызды жасайық, азаматтық ұстанымымызды білдірейік. Уақытты жіберіп алмайық!

Сансызбай ЕСІЛОВ,
«Ардагерлер ұйымы» РҚБ
Астана қалалық филиалы
кеңесінің төрағасы

ІШКІ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Құрылтай сайлауы Қазақстанның ішкі дамуын қамтамасыз етеді. Ливандық журналист және геосаяси сарапшы Шарбель Баракат осылай дейді.

Жаһандық тұрақсыздық белең алған кезеңде тепе-теңдікті сақтау маңызды. – Алдағы Қазақстандағы сайлау маңызды белес болмақ. Өйткені ол жаңа конституциялық модельді іс жүзінде жүзеге асыруға, яғни оңтайланған бір палаталы заң шығарушы орган – Құрылтайға көшуге мүмкіндік береді. Саяси жүйе цифрлық байланы

сы жоғары ортада өмір сүріп жатқан жас ұрпақтың ерекшелігін, сондай-ақ қоғамның икемді әрі жедел мемлекеттік басқаруға деген сұранысының артуын ескере отырып дамып келеді. Халықаралық қатынастар тұрғысынан алғанда, ел ішіндегі осындай орнықтылықтың маңызы зор, – дейді Ш.Баракат.





Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Елорда қай кезде де басқа аймақтарға үлгі-өнеге екені анық. Бас қалада да мектепке дайындық бағыты бойынша бірқатар ілкімді істер қолға алынған.

Астана қаласының Білім басқармасының бізге берген дерегінше, жаңа 2026-2027 оқу жылының басталуына аз ғана уақыт қалды. Қазір елордадағы барлық білім беру ұйымдары жаңа оқу жылына жоспарлы түрде дайындалып жатыр екен. Бірінші сыныпқа қабылдау жалғасуда. Биыл Астана мектептеріне 34 мыңнан астам бүлдіршін келеді деп күтілмек. Қазіргі таңда олардың 25 мыңнан астамы бірінші сыныпқа қабылданыпты. Жалпы жаңа оқу жылында қала мектептерінде 337 мыңнан астам оқушы білім алады деп болжанып отыр. Кейінгі үш жылда елордада 100 мыңнан астам оқушыға арналған 44 жаңа мектеп ашылды. Оның 23-і – «Келешек мектептері» жобасы аясында салынған мектептер. Биылтағы 10 мектеп пайдалануға берілмек. Осылайша, оқушы орындарының тапшылығын азайтып, балалардың заманауи әрі жайлы мектептерде білім алуына жағдай жасамақ. Жаңа оқу жылы қарсаңында 38 білім беру ұйымында жөндеу жұмыстары жүргізіліп, барлық жұмыстарды 15 тамызға дейін аяқтау жоспарланған. Сондай-ақ, мектептер мен балабақшалардың жылыту маусымына дайындығы бақылауда екен. Нысандардың 90% жұмыстарын аяқтап, дайындық паспорттарын алыпты.

Барлық білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығы кешенді түрде тексеріліп жатыр екен. Дәлірек, интернеттің сапасы, қауіпсіздік жүйелері, оқу кабинеттерінің жабдықталуы, санитарлық жағдай, тамақтандыруды ұйымдастыру және педагогтермен қамтамасыз ету мәселелері толық бақылауға алыныпты.

Астана қаласы Білім басқармасының баспасөз-хатшысы Аяжан Амантайқызы мектепке дайындық барысы туралы пікір білдірген еді.

– Жыл сайын материалдық-техникалық база да жаңартылып келеді. Мектептер қажетті пәндік кабинеттермен қамтамасыз етілген, ал биыл қосым-

МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Жазғы демалыс аяқталып, оқу жылы таяса қызу дайындық басталады. Ата-аналар, балалар, сауда орындарының, жалпы оқу процесінің тіршілігі қайнайды. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, биыл әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың балаларына жалпыға бірдей білім беру қоры аясында мектеп формасын, аяқ киім мен мектепке қажетті құралдарды сатып алуға мемлекеттік қолдау көрсетіліп келеді. 2026-2027 оқу жылы қарсаңында мұндай қолдаумен 450 мыңға жуық баланы қамту жоспарланыпты. Осы мақсатқа жергілікті бюджеттерден шамамен 23 млрд теңге қарастырылған. Демек, мемлекет тарапынан бірнеше санат бойынша қолдау бар. Ендігі мәселе, жұмыс жүйелі ұйымдастырылуында болып тұр.

“

Қалалық Білім басқармасы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында республикалық «Мектепке жол» шарасын өткізіп жатыр. Шара аясында аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға мектепке қажетті құралдармен көмек көрсетіледі. Биыл осындай қолдаумен 8,5 мыңнан астам оқушыны қамтуды жоспарлап отыр

ша жаңа кабинеттер сатып алу жоспарланыпты. Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз етуге қажетті қаржы толық бөлінді. 25 тамызға дейін барлық оқушы оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен 100 пайыз қамтамасыз етіледі. Балалардың қауіпсіздігі – біздің басты міндетіміз. Мемлекеттік мектептердің барлығы бейнебақылау жүйелерімен жабдықталған. Камералар мен дабыл түймелері Бірыңғай ахуал орталығы мен Полиция департаментінің жедел басқару орталығына қосылды.

Қазіргі таңда елорданың білім беру ұйымдарында 29 мыңнан астам педагог еңбек етеді. Тамыз айында бос жұмыс орындарына конкурс арқылы жаңа педагогтер қабылданады. Мектептегі тамақтандыру мәселесі де ерекше назарда. Барлық мектептердің бастауыш сынып оқушылары мен әлеуметтік осал санаттағы балалар тегін ыстық тамақпен қамтылады. Биыл жаңартылған мәзір енгізіліп, тамақ сапасына қоғамдық және сарапшылық бақылау қосылғандықтан, әлеуметтік қолдау бағытында да жұмыстар жалғасуда. «Жалпыға бірдей міндетті білім беру» қоры арқылы әлеуметтік осал санаттағы отбасылардың балаларына мектепке дайындалуға материалдық көмек беріледі. Биыл оның мөлшері бір балаға 50 851 теңгені құрайды. Қаражат ата-аналардың шотына аударылып, олар мектеп формасын, аяқ киім мен оқу құралдарын өз қажеттілігіне қарай сатып ала алады, – дейді ол.

Ең өзекті дүние ол – аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жайы еді. Енді бұл мәселеге де назар аударыла бастапты. Дейтұрғанмен, аталған көмектер нағыз мұқтаж отбасыларға жетсе ғана, шаруаның шалқайғандығын білдіреді.

Сонымен қатар, қалалық Білім басқармасы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында республикалық «Мектепке жол» шарасын өткізіп жатыр. Шара аясында аз қамтылған,

көпбалалы отбасылардың, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға мектепке қажетті құралдармен көмек көрсетіледі. Биыл осындай қолдаумен 8,5 мыңнан астам оқушыны қамтуды жоспарлап отыр.

– Әр көмек бұл үлкен қолдау екеніне сөз жоқ. Әйткенмен, әртүрлі санаттағы отбасының балаларына жұрттың аталмыш көмектерді көпшіліктің көзінше жарқыратып беріп, сол жанұяны да, баланы да ыңғайсыз жағдайда қалдырып қажет емес шығар. Халық даналығында «бір қолың бергенді, екінші қолың білмесін» деп тәмсілдейді. Сондықтан мейлінше, берген дүниені жария етпей, фото-видеоға түсіріп жарналамай-ақ берген жөн болар. Өйткені мұндай істер баланың көңіліне дақ түсірмеуі тиіс. Сонымен қоса, қаншама атымтай жомарт жандар да көмектесіп жүр. Оларға да алғыс шексіз. Ең негізгісі дәл осындай көмекке қол жетпей, мектеп формасы, дәптер, қалам алуға шамасы жоқ жанұялар да бар. Сондай қалып-зардан тыс жанды кетпесе дейміз. Бұндай ілкімді істер жер-жерде жалғасын таба берсе, қоғам үшін көделі, – дейді ата-ана Ғайша Әмірбек.

Тоқетері, біз баланың бақытты болуы үшін бар жақсылықты жасауға тиіспіз. Өйткені саналы ұрпақ, білікті маман, дені сау ұлт – мемлекет болашағы. Сондықтан бүгінгі жасалып жатқан іс, бір ғана қаланың емес, елдің өркендеп өсуіне септігін тигізеді анық.

Ербол ЖОЛДАНҒАР,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы:

ЖАҢА ЗАҢ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі ең алдымен кәсіби, ашық және жауапты мемлекеттік қызметке байланысты. Қазіргі таңда қоғамның сұранысы да өзгеріп, мемлекеттік қызметтен жаңа көзқарас, жедел шешім қабылдау және азаматтардың мүддесіне бағдарланған жұмыс талап етіледі. Осыған орай, биыл қолданысқа енгізілген жаңа «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заң мемлекеттік қызмет жүйесін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды қадам болды.

Жаңа заңда мемлекеттік қызметтің миссиясы алғаш рет айқындалып, меритократия қағидатын күшейту, кадрлық процестерді цифрландыру, талантты жастарды мемлекеттік қызметке тарту, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дамуын қолдау және халыққа бағдарланған сервистік басқару моделін қалыптастыру сияқты бірқатар маңызды жаңашылдықтар көзделген.

Жаңа заңның ерекшеліктері, енгізілген өзгерістердің маңызы және олардың мемлекеттік қызметтің дамуына ықпалы туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Ербол Жолданғармен әңгімелестік.

– Ербол Қабығалиұлы, биыл қолданысқа енгізілген жаңа «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңды мемлекеттік қызмет жүйесі үшін тарихи құжат деуге бола ма?

– Әрине. Бұл заң мемлекеттік қызметтің құқықтық негізін жаңартып қана қоймай, оның философиясын өзгертетін маңызды құжат. Бұрын негізгі назар кадрлық рәсімдерге аударылса, енді мемлекеттік қызметтің басты мақсаты – азаматтарға сапалы қызмет көрсету, қоғамның сеніміне ие болатын кәсіби әрі тиімді мемлекеттік аппарат қалыптастыру болып отыр. Заң Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыруға бағытталған және халықаралық үздік тәжірибелерді ескере отырып әзірленді.

– Заңда алғаш рет мемлекеттік қызметтің миссиясы айқындалды. Мұның практикалық маңызы қандай?

– Мемлекеттік қызмет тек лауазым атқару емес, бұл – қоғам мен мемлекет алдындағы үлкен жауапкершілік. Сондықтан жаңа заңда мемлекеттік қызметтің миссиясы, құндылықтары мен негізгі қағидаттары нақты бекітілді. Бұл әрбір мемлекеттік қызметшінің күнделікті жұмысында қандай мақсатқа қызмет етуі керектігін айқындайды. Яғни, басты құндылық – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және елдің тұрақты дамуына үлес қосу.

– Соңғы жылдары меритократия қағидаты туралы көп айтылып жүр. Жаңа заң бұл бағытты қалай күшейтеді?

– Меритократия – жаңа заңның негізгі қағидаттарының бірі. Қызметке қабылдау, мансаптық өсу және көтермелеу кәсіби біліктілікке, құзыреттерге және нақты нәтижеге негізделеді. Бұл әділ кадрлық саясатты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әрбір мемлекеттік қызметші өзінің білімі мен еңбегінің арқасында ғана мансаптық өсудің мүмкіндігіне ие болады.

– Мемлекеттік қызметке қабылдау рәсімдері қалай өзгереді?

– Заң кадрларды іріктеуді барынша ашық әрі цифрлық форматқа көшіреді. Конкурстық рәсімдер толықтай «Е-қызмет» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бұл адами факторды азайтып, барлық үміткер үшін тең мүмкіндік қалыптастырады.



Сонымен қатар рәсімдердің қарапайым әрі қолжетімді болуы мемлекеттік қызметке қызығушылық танытқан азаматтар үшін қолайлы жағдай жасайды.

– Жас мамандар үшін қандай жаңа мүмкіндіктер қарастырылған?

– Мемлекеттік аппараттың болашағы – жастар. Сондықтан заңда мемлекеттік қызметке даярлау институты енгізілді. Бұл бастама мектептен және жоғары оқу орындарынан бастап талантты жастарды анықтауға, олардың басқарушылық дағдыларын дамытуға және мемлекеттік қызметке саналы түрде келуіне мүмкіндік береді. Бұл – кадрлық резервті қалыптастырудың жаңа кезеңі.

– Қызметте жүрген мемлекеттік қызметшілер үшін қандай өзгерістер маңызды?

– Заң қызметкерлердің кәсіби дамуына ерекше көңіл беледі. Оқыту, құзыреттерді дамыту, нәтижелілікті бағалау және мансаптық жоспарлау жүйесі жетілдіріледі. Сонымен қатар «Б» корпусы қызметшілері үшін көлденең мансаптық өсу тетігі енгізіліп, кәсіби деңгейіне қарай еңбекақыны саралау көзделген. Бұл тәжірибелі мамандарды ынталандырудың жаңа құралы болады.

– Жаңа заң мемлекеттік органдардың халықпен жұмыс істеу тәсілін өзгертуді деуге бола ма?

– Иә, бұл – заңдағы ең маңызды өзгерістердің бірі. Мемлекеттік органның қызметі енді азаматтың қажеттілігіне бағдарлануы тиіс. Қызмет көрсету кезінде артық бюрократиялық рәсімдерді азайту, цифрлық шешімдерді кеңінен пайдалану және өтініштерді жедел қарау көзделген. Бұл мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттырып, халықтың қанағаттану деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

– Сұхбатымызды қорытындылай келе, мемлекеттік қызметшілерге және мемлекеттік қызметке қызығушылық танытып жүрген жастарға не айтар едіңіз?

– Мемлекеттік қызмет – үлкен жауапкершілік пен зор сенім. Бұл салада жұмыс істеу үшін кәсібилік, адалдық, жаңашылдық және елге қызмет етуге деген ұмтылыс қажет. Жаңа заң осы қағидаттарды нығайтып, әрбір қабілетті азаматқа өз әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан мемлекеттік қызметті таңдаған әрбір жас бұл жолдың тек мансап емес, елдің дамуына қосылатын нақты үлес екенін түсінуі қажет.

– Ербол Қабығалиұлы, ашық әрі мазмұнды сұхбатыңызға рақмет! Мемлекеттік қызметтің дамуы – ел дамуының кепілі. Сондықтан жаңа заңның тиімді іске асырылуы мемлекеттік басқару сапасын арттыруға және азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға өз үлесін қосады деп сенеміз.

– Мемлекеттік архив – өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір десек қателесе қоймаспыз. Бұл жер – құнды құжаттар қоймасы екені даусыз. Бүгінде Астана қаласының мемлекеттік архиві қандай бағыттар бойынша жұмыс істеп жатыр?

– Астана қаласының мемлекеттік архиві құжаттарды жинақтау, сақтау, есепке алу және пайдалану жұмыстарымен қатар, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік, цифрландыру және ағартушылық бағыттарда жүйелі қызмет атқарып келеді. Биыл ғылыми-әдістемелік кеңестің алғашқы отырысы өткізіліп, 2026 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар архив құжаттары негізінде әзірленген ғылыми жинақтарға сараптама жүргізіліп, тиісті қорытындылар дайындалуда. Қоғамдық маңызы бар кездесулер, дөңгелек үстелдер, конференциялар ұйымдастыру арқылы архивтің ағартушылық қызметі де белсенді жүзеге асырылып келеді.

– Соңғы жылдары архив қорларын толықтыру мен сақтауда маңызды жетістіктер бар ма?

– Архив қорларын толықтыру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Биыл архив қорына белгілі қоғам қайраткерлері мен ғалымдардың жеке текті құжаттары қабылданды. Атап айтқанда, Елсияр Қанағатов пен Жамбыл Артықбаевтың жеке қорлары өңделіп, мемлекеттік сақтауға қабылданды. Сонымен қатар Н.Имамовтың 1073 фотоқұжатын архив қорына қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Бұл материалдар елорданың қоғамдық-саяси және мәдени тарихын зерттеуде маңызды дереккөз болмақ.

– Қала тарихына қатысты бұрын көпшілікке белгісіз болып келген қандай құнды құжаттар мен деректер бар?

– Архив қорларында Астана өңірінің және бұрынғы Ақмола қаласының тарихына қатысты көптеген бірегей құжаттар сақталған. Соның ішінде 1928 жылы құрылған Ақмо-

Астана аз уақыттың ішінде бұқараның мойнын бұрғызды. Астанаға келушілер сәт санап бой түзеген қалаға сүйіспеншілікпен қарайтын болды. Тамырына тереңдеп, Астанаға еңбек сіңірген тұлғасын танығысы келгендер қалалық архивке жүгінеді. Тарихына үңіледі. Осы орайда Астана қаласы Мемлекеттік архивінің директоры Жангелді Бимолдин мырзамен сұхбат құрып, архивтің тыныс-тіршілігін білген едік.

Жангелді БИМОЛДИН,
Астана қаласы мемлекеттік архивінің директоры:

БАБА ТАРИХЫН ТҮГЕНДЕП ЖАТЫРМЫЗ



ла округіне қатысты материалдар, тың игеру кезеңіндегі арнайы контингенттің өмірі жөніндегі құжаттар, XX ғасырдағы Атбасар қаласының тарихына қатысты деректер, сондай-ақ өлкедегі білім беру, денсаулық сақтау және мәдени даму тарихын қамтитын материалдар зерттеушілердің қызығушылығын тудыруда. Осындай құжаттардың бір бөлігі ғылыми зерттеулер

мен көрмелер арқылы жұртшылыққа ұсынылып келеді.

– Қазіргі цифрландыру дәуірінде архив құжаттарын электронды форматқа көшіру жұмыстары қалай жүргізілуде? Бұл бағыттағы нәтижелер қандай?

– Цифрландыру архив жұмысының басым бағыттарының бірі болып табылады. Құжаттарды сақтаудың заманауи тәсілдерін енгізу және пайда-

“

Азаматтардың сұраныстары негізінен генеалогиялық және тақырыптық сипатта болады. Жылдың алғашқы үш айында архивке түрлі сипаттағы 74 сұраныс келіп түсті. Оның ішінде 29 генеалогиялық және 45 тақырыптық сұрау тіркелді. Азаматтардың өтініштерін жедел әрі сапалы орындау үшін құжаттарды іздестіру, сараптау және кеңес беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Оған қоса архив қызметтері бойынша түсіндіру және ақпараттық жұмыстар тұрақты ұйымдастырылады.

ланушыларға қолжетімділікті арттыру мақсатында электрондық ақпараттық ресурстарды дамыту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар «Цифрландыру – заманауи дамудың не-

гізі» тақырыбында арнайы дөңгелек үстел ұйымдастырылып, архив ісіндегі жаңа технологиялардың мүмкіндіктері талқыланды. Архивтің ақпараттық ресурстары сайт пен әлеуметтік желілер арқылы тұрақты түрде насихатталып келеді.

– Азаматтар архив қызметтерін алу кезінде көбіне қандай мәселелермен жүгінеді және олардың сұранысын жедел орындау үшін қандай жұмыстар атқарылуда?

– Азаматтардың сұраныстары негізінен генеалогиялық және тақырыптық сипатта болады. Жылдың алғашқы үш айында архивке түрлі сипаттағы 74 сұраныс келіп түсті. Оның ішінде 29 генеалогиялық және 45 тақырыптық сұрау тіркелді. Азаматтардың өтініштерін жедел әрі сапалы орындау үшін құжаттарды іздестіру, сараптау және кеңес беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Оған қоса архив қызметтері бойынша түсіндіру және ақпараттық жұмыстар тұрақты ұйымдастырылады.

– Алдағы уақытқа қойған жоспарларыңызбен бөлісе кетсеңіз?

– Алдағы кезеңде Астана қаласының мемлекеттік архиві архив қорларын толықтыру, құжаттарды цифрландыру, тарихи деректерді ғылыми айналымға енгізу және архив қызметінің қолжетімділігін арттыру бағытындағы жұмыстарын жалғастырады. Құнды құжаттарды жинақтау мен сақтау ісімен қатар, оларды қоғам игілігіне тиімді пайдалану басты назарда болады.

Біз үшін биылғы маңызды шаралардың бірі – Астана күніне орай 2 шілде күні өткен «Архив – Астана жады» атты республикалық ғылыми конференция. Бұл конференция архив ісінің өзекті мәселелерін талқылап қана қоймай, елордамыздың қалыптасу және даму тарихын архив құжаттары негізінде зерделейтін маңызды ғылыми алаң болады.

Конференция аясында көптен күткен «Ақмоладан –

Астанаға: тарихи таңдау» атты жаңа кітаптың тұсаукесері өтті. Бұл еңбек – елорданың Ақмола кезеңінен бастап тәуелсіз Қазақстанның бас қаласына айналу жолын архив құжаттары мен тарихи деректер негізінде баяндайтын бірегей басылым есебінде. Кітаптың мазмұны негізінен елорда тарихына қатысты архивтік деректер мен сирек кездесетін материалдар шындығына сүйенеді. Астананың өркендеу тарихы жүйелі сараланған, ғылыми дәйектер мен тарихи баяндамалар оқырманды терең ойға жетелейді, ел дамуының күрделі де жарқын жолына құрмет сезімін оятады.

Архив қорларын толықтыру бағытында да маңызды жұмыстар атқарылады. Қазақ әдебиеті мен руханиятының көрнекті өкілі, белгілі ақын Серік Тұрғынбекұлының жеке қорын жаңа құжаттармен толықтыру жоспарланып отыр. Ақынның шығармашылық мұрасы, қолжазбалары, хаттары, фотосуреттері мен өмір жолына қатысты басқа да құнды материалдарды мемлекеттік сақтауға қабылдау – ұлттық рухани мұраны келер ұрпаққа жеткізудегі маңызды қадамдардың бірі. Мұндай құжаттар тек архив қорын байытып қана қоймай, тәуелсіз Қазақстан әдебиеті мен мәдениетінің тарихын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ жаңа жеке текті қорларды қабылдау, тарихи құжаттар көрмелерін ұйымдастыру, жастарға арналған танымдық жобаларды іске асыру және ғылыми басылымдарды көбейту жоспарлануда. Біз архивті тек құжат сақтайтын орын емес, өткен мен бүгінді байланыстыратын, қоғамның тарихи санасын қалыптастыратын маңызды рухани орталық ретінде дамытуға күш саламыз.

Өйткені архив – бұл өткеннің куәгері ғана емес, болашақ ұрпаққа аманат етілетін ұлттық жадымыздың алтын қоры.

Сұхбаттасқан
Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Мен осы мақаланы жазбас бұрын көп ойландым. Тұтас ғұмырды өнерге, театрға арнай салу үшін қандай күш керек? Қандай жүрек керек? Өнер адамының болмысы бір ғана қырдан тұрмайды екен. Оның жан дүниесінде барлық күй бар: мейірім де, қаталдық та, сағыныш та, жауапкершілік те. Жүрегі тым сезімтал болғанымен, қажет кезінде талап қоя білетін қайсарлығы тағы бар.

Жұмысқа кіргеніме үш-төрт айдың жүзі болды. Алғашында Нұрқанат ағайдың алдына кіруге жүрексінетінмін. Себебі театр ішіндегі әңгімелердің бәрі оның қаталдығына келіп тірелетін. «Тәртіпті жақсы көреді», «Талабы жоғары», «Жұмысқа салғырттықты кешірмейді» деген сөздерді жиі еститінбіз. Бірақ уақыт өте келе түсіндім: бұл қаталдықтың астарында өнерге деген адалдық, шәкірттеріне деген үлкен жауапкершілік жатыр екен. Өйткені театр мінез қалыптасатын орта, өмір мектебі. Ал сол мектептің ұстазы болу екінің біріне бұйыра бермейтін қасиет.

Нұрқанат ағай ұзақ жылдар бойы өнер академиясында дәріс берді. Оның алдынан қаншама шәкірт қанат қағып шықты. Бүгінде сол жеті буын шәкірттері бір театрдың қабырғасында еңбек етіп жүр. Бұл кез келген ұстазға бұйыра бермейтін бақыт әрі үлкен абырой. Қазіргі сахнада жүрген көптеген актерлер оның тәлімін алған, оның мектебі-

ТЕАТР ТАРЛАНЫ

Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бір топ қоғам қайраткерін мемлекеттік наградамен марапаттады. Марапатталғандардың арасында Астана қаласы «Жастар» театрының негізін қалаушы, көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрқанат Жақыпбай да бар. Ол «Қазақстанның халық әртісі» атағын иеленді. Президент театр және кино саласында жарты ғасырдан астам уақыт жұмыс істеп келе жатқан белгілі режиссер Нұрқанат Жақыпбайдың төл мәдениетімізді өркендету жолындағы еңбегі зор екенін жеткізді.

нен өткен өнер иелері. Ұстаздың шын бақыты шәкіртінің жетістігі дейді. Ал шәкірттері өзімен бір сахнада қатар еңбек етіп, өнерге адал қызмет етіп жүрсе, одан асқан қуаныш бар ма?!

Нұрқанат ағайдың бойындағы тағы бір ерекшелік – театрға деген шексіз махаббат. Ол үшін театр – тағдыр. Сондықтан ол өнерге де, адамға да үлкен жауапкершілікпен қарайды. Кейде қатал көрінетін мінезінің түбінде де осы жауапкершілік жатыр. Уақыт өткен сайын біз кей адамдарды басқаша тани бастайды екенбіз. Алғашында қатал болып көрінген адам кейін қамқор жанға айналады. Өйткені оның әр ескертуінің, әр талабының артында сенің өсуіңе деген ниет жа-

тады. Өнер жолы – ауыр жол. Ол үздіксіз ізденісті, сабырды, төзімділікті талап етеді. Осындай жолда өз ғұмырын сарп етіп, бірнеше буынға бағыт-бағдар берген жандардың еңбегі әрдайым құрметке лайық. «Жастар театрының алғашқы жылдары өте ауыр өтті, – деді ағай бір сәт үнсіз қалып. – Біз әртүрлі театрларды, мәдениет үйлерін жағалап, декорация таситынбыз. Өз сахнамыз, өз мүмкіндігіміз жоқ болатын. Бірақ ешқашан арманнан бас тартпадым».

«2007 жылы қыс өте қатты болды. Ол жылы «Жастар» сарайындағы 18 шаршы метр бөлмеде жұмыс жасаймыз. Терезесі көшеге қарап тұратын екен. Мен күнде бірінші болып келемін. Терезеден сыртқа қарап отырамын. Бір кезде қыз-



дар көрінеді. Қақаған аяз, боран. Бір-біріне сүйеніп, тоңып келеді. Қатты қиналып кеткендерінен жылағандары байқалып тұратын. Томсырайып, маған реніштерін айта алмай өкпелерін эмоцияларынан байқайтынмын. Сондай кезде менің де көңілім босайтын», – деді ағай. Осы сөздерді естігенде, театрдың шымылдығы ашылғанға дейін қанша көз жасы, қанша үміт, қанша төзім жатқанын сезіндім.

«Артынша ұлдар келеді. Олар да мені аса ұната қоймайтын. Өйткені талап қоятынмын. Бірақ мен оларды жинап алып: «Мынадай пьеса таптым, былай қоямыз» деп жәй сөз бастайтынмын. Одан армандарымды айта бастаймын. «Біз әлі үлкен театр боламыз, біздің спектакльдер

аншлагпен өтетін болады. Бәрінің үйлерің болады, жұлдыздарың жанады» деп армандарға сендіретінмін. Бір-екі сағаттан соң бәріміз жұмысқа қызу кірісіп кетеміз» – деп күлімсіреді.

Ол кездері ақша да жетпеген. «Труппадағылардың аялығы – 17 мың теңге. Мен 25 мың теңге алатынмын. Бірақ ешкімнің үміті үзілген жоқ. Қыздар сүйектен сорпа жасайды. Бәріміз бөліп ішеміз. Сол сорпаның дәмін әлі күнге дейін сағынамын» – деді ағай.

Бұл жоқшылықтың емес, бірліктің дәмі еді. Үлкен актерлер кішілерге қамқор болды. Бірі үйіне апарса, бірі тамақ өперетін. Өйткені олардың бәрін бір ғана арман біріктірді – Жастар театрын аяққа тұрғызу.

Қақаған қыста декорация тасып жүріп, Нұрқанат ағайдың көзі қатып қалғанын естігенде жаным ауырды. Бірақ ол бұл туралы еш өкінішпен айтқан жоқ. Керісінше, сол күндерді сағынышпен еске алды. Себебі ол қиындықтар театрды ғана емес, адамдарды да шыңдады.

Бір жылдары әрең дегенде театрға автобус алған. Оның өз тарихы бар. Әр гастроль бөлек әңгіме. Ұзақ жол, жетіспеушілік, шаршау... Бірақ олардың ешқайсысы өнерге деген сенімді жеңе алмады. Мені таңғалдырғаны жасы сексенге таяса да, Нұрқанат ағай әлі күнге дейін труппамен бірге гастрольге шығады. Автобустың алдыңғы орындығына отырып алып, барлығын бақылап отырады. Ұзақ жолдан жалықпайды. Өйткені бұл театр – оның жай ғана жұмысы емес. Бұл – оның тағдыры.

Сондықтан да оның қаталдығының түбінде мейірім жатыр. Талабының түбінде шәкірттеріне деген сенім жатыр. Ал ғұмырының түбінде өнерге деген өлшеусіз махаббат жатыр. Міне, мен Нұрқанат ағайды осылай таныдым. Сахнаның сыртында жүріп, тұтас бір театрдың тағдырын арқалаған, қаншама буынды тәрбиелеген, қиындыққа мойымаған қайсар адам ретінде таныдым. Өнерге ғұмыр арнау – мамандық таңдау емес екен.

Таңшолпан
ЕРТАЙҚЫЗЫ

ПАРАСАТ БИІГІ

Бақытты болу дегеніміз – рахат сезімде жүру. Ол төрт түлігім сай, дәулетім мансабым бар деп, тоқмейілсу емес. Өзі атқарған іс-қаракетінен, қоғамға қосқан үлесінен, адамдарға жасаған жақсылығынан ләзат алып, құрмет көрсе жан рахаты көңіл хошы сол болмақ. Сондай өзі де, бойы да сыйлы сөзі уәлі адал еңбек, адал табыс қағидасын берік ұстаған, бүкіл саналы ғұмырын еңбекке арнаған, бүгінгі күні 80 жастың сеңгіріне шыққан Амангелді Абдухитұлы Ашировты бақытты жандар қатарына қосар едік.

Амангелді Абдухитұлы 1946 жылы 19 тамызда Ақмолада дүниеге келген. Әкесі Абдухит Мейірманқұлұлы өз заманының озық ойлы, көзі ашық көкірегі ояу азаматы болған. Сол өңірдегі алғашқы шыққан мектеп директоры, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып, ерте танылған. Отан соғысы, Фин соғысына қатысқан. «Қима» аудандық газетінің редакторы болып жүргенде әскерге қайта шақырылып сол уақыттың қажеттілігі мен сұранысы болар, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы С.Жанбаев деген білікті басшы: бізге қазақ тілінде жазатын «маман керек» деп, алып қалған екен.

Анасы Ақыш Рысбайқызы отбасындағы 11 баланың тәлім-тәрбиесімен отағасының жауапты жұмысына жағдай жасап, үй тұрмысын дөңгелетіп отырған мейірбан жан болған. Ата-ананың мейірімі мен шапағаты бала Амангелдінің арман мақсатын ұштай түсті. Озат оқушы, үлгілі студент болды. Жасынан ойы сергек алғыр, математиканы жаңақтай шағатын. Қоғамдық жұмыста белсенді. Өткізілетін барлық шаралардың басы-қасында ғана емес, ұйымдастырушысы, жетекшісі болды. Отан алдындағы азаматтық борышын да адал атқарып шыңдала түсті.

Еңбекке де ерте араласты. Целиноград педогогикалық институтын бітіріп келген жас маман физика-математикадан сабақ беріп, жас жеткіншектерді білім нәрімен сусындатты. Жаңашыл, түрлі методикамен сабақ беріп, жаңа леп әкелген мұғалімнің қарым-қабілетін байқаған ел ағалары оны комсомол жұмысына тартты. Оны хатшы, онан соң «Жақсы» ауданының комсомол коми-

тетінің бірінші хатшылығына сайлады. «Жас келсе-іске» дегендей, бойында жастық жалыны жалындап тұрған Амангелді жұмысты бірден игеріп әкетті. Жыл он екі айда бір бітпейтін ауылшаруашылығының жұмыстары, дала қостарындағы науқандық жұмыстар, мәдени-үгіт бригадаларының насихат жұмыстарын ұйымдастыруда тыным көрмей комсомол жетекшісі болып жүрді.

Жастарды Отан сүйгіштік, патриотизм, іске адалдық, табандылыққа тәрбиелеуде Ашировтың қосқан үлесі зор болды. Ұйымдастырушылық, іскерлік, адамдарды соңынан ерте білетін, сөзі мен ісі бір жерден шығатын комсомол жетекшісінің болашағынан үміт күткен аудан басшылары партия, совет қызметіне шақырды. Оны жоғары партия мектебіне жіберді, үздік бітіріп келген соң, 1978 жылы «Баранкөл» кеңшары партия ұйымының хатшылығына тағайындалды.

Білімі мен тәжірибесі толысқан жігіт ағасы жасына жеткен Амангелді отызында орда бұзып, қырқында қамал алды.

1984 жылы «Жаңадала» аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болса, 1989 жылы сол ауданның атқару комитетінің хатшысы болып, кейіннен мәслихаттың хатшысы болып сайланды.

Қандай жұмыс атқарса да, өз позициясын қорғай білетін, қызмет этикасын сақтай білетін, партия алаға қойған міндеттер мен қаулы-қарарларына саяси тұрғыда сергек қарайтын принципшіл қызметкер болды.

Әбекеңнің жақсылығын, қамқорлығын көргендер өте көп. Олардың жүрек жарды ыстық ықыласы әрине рахат сезімге бөлейді.

Еңбек пен қамту және әлеу-

меттік қорғау саласы шуы да, дауы да таусылмайтын ең бір қиын сала десек, соған пара-пар ардагерлер кеңесінің жұмысы дер едік. Оның да көтерер жүгі, атқарар міндеттері баршылық.

Жасы келген зейнеткерлер, Отан соғысы ардагерлері, тың еңбеккерлері қорғаусыз қалмауы керек.

Ақмола облысы Целиноград ауданы ардагерлер кеңесінің жұмысын басқарып, жолға қою міндеті Әбекеңе жүктелді. Онан соң Алматы ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы болып, өзі қатарлас ардагерлердің тыныс-тіршілігін, өмір сүру деңгейін жақсартуға күш салды.

Айта кететін Әбекеңнің бір қыры, қаламы жүйрік. Газет бетінде жарық көрген мақалаларын оқысаңыз кәдімгі журналистердей көсіле жазады. Екі тілге бірдей жорға. Қалалық ардагерлер кеңесінің медиатобын құрып, оған басшылық жасап, жол салып бергеннің өзі өнеге болды.

Бұл күнде қаланың алты ауданында медиатоп құрылып, интернет желісімен арнайы сайт ашып, ардагерлер кеңесінің жұмыстарынан хабардар етіп отырады.

Барлық саналы ғұмырын елінің экономикасы мен әлеуметін арттыруға арнаған Амангелді Абдухитұлы Ашировтың еңбегі лайықты бағаланды.

Целиноград ауданының «Құрметті азаматы», Қазақстан Республикасы «Әлеуметтік саласы қызметінің үздігі», «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің «Құрмет белгісі», «Ерен еңбегі үшін», Конституцияға 10-жыл, Астана қаласына 10 жылдық медалдарының иегері. Ең бастысы 55 жылдық еңбек жолында өнеге мен үлгілі тәлім қалдырған құрметті ел ағасы, ардақты ақсақал ретінде адамдар жүре-



гінде қалу зор бақыт дер едік. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» дейді. Бұл орайда Әжекең өзі тәлімгер санаған Омар Жақыпов, Хамит Нұрғалиев сынды ағаларына ризашылығын білдірді. Кеңес одағы кезінде «Социалистік Еңбек Ері» атанған айтулы тұлға, қоғам қайраткері Еркін Нұржанұлы Әуелбековпен 10 жыл бірге жұмыс істегенін мақтанышпен еске алады.

Әбекең жар таңдаудан жаңылыспаған азамат. Шынайы сезім, таза махаббатпен үйленген отбасы жарты ғасырдан астам тату-тәтті өмір сүріп келеді. Зайыбы Құралай Нұртазақызы ұлағатты ұстаз. Азаматтың ажарына қараған, ата-енеге жаққан, ағайынның қабағын баққан адал жар. Алтын айдарлы Арыстан мен Русланды ер-азамат тәрбиелеген аяулы ана. Немере-шөбере сүйген бақытты әже.

Ашировтар отбасының береке-бірлігі, қонақжайлығы, дос-жаранға деген дархан көңілі жайлы сыйлас досы болған Ақдариға ханым сүйсіне әңгімелейді. Әсіресе, жұбайы Серік тосыннан қайтыс болғанда барлық міндеттеріне бас болып, атқарғанын ұмытпақ емес.

Иә, жанымызда жүрген жақсы адамның жақсылығын айтып, мерейін өсіргенге не жетсін. 80-ге келседе сыр алдырмаған, аяғын шалдырмаған досқа да, дұшпанға да тік қарайтын жүзі жарқын ардақты Әжеке аман жүріңіз!

Сексенге сергек келдіңіз, енді жүзді көріңіз. Ғасырларды асып алшаң басыңыз!

Қарлығаш ҚҰСПАНОВА,
қалалық Ардагерлер кеңесі
медиатобының мүшесі

КӨНЕНІҢ КӨЗІ

(КҮЛКІНІҢ КӨМБЕСІ)

Ерекше фототілші еді. Егде тартқан шағында көрдік. Сондай бір жайсаң ағамыз болды. Өзі батыс жақтың адамы. Аты-жөні – Рысқали Дүйсенғалиев.

Редакцияға, редакция болған-да біздің жастар басылымының кеңсесіне сөйлей кіреді. Сөйлегені былай тұрсын, өзімен бірге бір қап күлкіні ала келеді. Ал енді бар ғой, күлкісі жер жарады. Екі иығы селкілдеп, оған қоса бүкіл денесі бүлкілдеп, қарқылдап тұрып күлгенде «Лениншіл жастың» комсомолдың құлағындай жұқа қабырғалары дірілдеп кетеді. Бірақ лезде езуін жия қойып, қабағын түйе қалатыны тағы бар. Жалпы, өзі жас күнінен шытыр жегендей қызба болған деседі. Әйтеуір, бір бойында сан түрлі мінез тоғысқан.

Әңгіме тиегін ағытып жіберсе, жуық арада тоқтамайды. Бірде «Дәуірнама» деген бағдарламаны жүргізетін Бейбіт Құсанбек ті-

алға жауабын әлі айтып жатыр, айтып жатыр... Атырауға арнайы іздеп барған ағасының таяу арада табылатын түрі жоқ...

Өмірі тастамайтын көнетөз қалпағын шешсе болды, қалпақ астынан доп-домалақ қазандай басты көресің. Жап-жалтыр бастың шаш түгілі қылтанақ ұялайтын жері жоқ.

Сонымен Рекең редакциямызға басқаны емес, жан досы Жандосойды іздеп келеді. Жандосой дегеніміз – өмірінің соңғы жылдарында оқырманға осындай лақап атпен таңылған «ЛЖ»-ның әйгілі суретші-ретушері Бағдат Момбеков. Қарт фототілшінің секретариатқа тастап кеткен суреттері күн құрғатпай газетке басылып жатады.



келей эфирде сұхбат алды. «Аға, ана жолы Атырау жаққа барғанда көптен көрмеген бір апанызды тауып қайтыпсыз ғой» – деп алғашқы сұрағын қойғаны сол еді, Рекең: «Әй, бала, тоқта, сен апанды қайтесің? Одан да мен алдымен ағамды қалай тауып алғанымды айтайын», – деп ытырынып алып, көсіле жөнелді. Сөйлеп жатыр, сөйлеп жатыр... Тіпті Бейбітке келесі сұрақты қою үшін сығалайтын саңылау қалдырмады. Хабарға бөлінген отыз минут әп-сәтте өте шықты. Күлгіден әбден ішегі түйілген режиссер мерзімі біткен эфирді бірден үзді де тастады. Ал Рысқали көкем студиядан шығар емес. Алғашқы сау-

«Әй, Рысқұл, бері кел!», – деп саусағымен іліп тартып шақырып алады біздің қиқар шал. Сосын қос қария ұзын-сонар әңгімеге кіріседі. Қазір екеуі де арамызда жоқ. Әсіресе, мол мұрасының қайда қалғаны белгісіз Рысқали көкем ұмытылып кеткендей көрінетін. Баршаға белгілі бейнесі де санамызда көмескілене бастағандай еді.

Жо-жоқ, көмескіленбепті. Елгезек фототілші Шүкір Шахай егде әріптесін дер кезінде тарихқа таңбалап үлгеріпті. Қандай қылып таңбалаған десеңші?! Отырысын қарасайшы... Бүтіндей бір дәуірдің сипаты көрініп-ақ тұрған жоқ па, а?

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

БАҚЫТТЫ ҒҰМЫР КІЛТІ

Ақын Мұхтар Шаханов «Махаббат – қайсар заңғар шың, кез келген өрлей алмаған, он мыңнан, бәлкім екі адам үмітін зорға жалғаған» депті. Расында тағдырдың сындарлы кезеңдерінен өтіп, бір болып, бақытқа қол жеткізу оңай шаруа емес-ті. Десе де, өмірде өз жұбын тауып, өзара түсінісіп, бақытты ғұмыр кешу көп адамға бұйыра бермейтін бақ.

Елорда тұрғыны Әлібек Әбдірашитұлы мен Сара Ғабдулқызы бір шаңырақ астында 60 жыл бірге ғұмыр кешіп келеді. Олардан үл мен қыз өрбіді. Бүгінде немерелерінің сүйікті атасы мен әжесіне айналды.

Сара әжегі Алматыдағы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетін үздік бітіріп, физика мен математика пәнінен 40 жыл ұстаздық етіпті. Ал Әлібек атай өндірісте нұсқаушы, аудандық деңгейде депутат, кәсіподақ, зауыт парторгы, еңбекпен қамту орталығында істеп, бірқатар қызметтер атқарыпты. Еңбек жолдарының барлық белесі Солтүстік Қазақстан өңірімен тікелей байланысты екен. Бүгінде құрметті еңбек демалысында, бала-шағаның жанында тату-тәтті, шаттықта ғұмыр сүріп жатқан жайы бар.

Қазіргі таңда 16 жылдан бері Астана қаласында тұрады екен. Әлібек ақсақал – қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі. Бұл құттықтау өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге



болсын, біздер сияқты бақтты өмір сүріп, қазіргі жастар отбасы құндылығының қадірін білсе деген ниетте.

– Әпкем мен Сара жұбайым Қазақ ұлттық

АСТАНАДАҒЫ ШӘМШІ КҮНІ

Қазақтың әйгілі композиторы Шәмші Қалдаяқовтың туған күніне орай ауқымды мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып, елорда тұрғындарына композитордың шығармашылығы кеңінен насихатталды.

Мерекелік бағдарламаның бір бөлігі Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермендер театры әртістерінің қатысуымен өткен музыкалық перформанс болды. Өнерпаздар композитордың «Арыс жағасында», «Сағынышым менің», «Бақыт құшағында», «Ана туралы жыр», «Құшақ жайған қандай адам» сынды көпшілікке танымал әндерін орындады. Іс-шараға мәдениет, білім және жастар саясаты саласының өкілдері, шығармашылық ұжымдар, балалар, зиялы қауым мен аға буын өкілдері және қала тұрғындары қатысты. Олар Шәмші Қалдаяқовтың әндерін орындап, бейнежазбаларын әлеуметтік желілерге жариялап, музыкалық эстафетаны жалғастырды.

Мерекелік бастамаға елордалық жастар да белсенді атсалысты. Қала автобустарында Шәмші әндері орындалып, жолаушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Сонымен қа-



тар елорда көшелерінде блиц-сауналамалар ұйымдастырылып, тұрғындар композитордың сүйікті шығармаларын атады.

Бұдан бөлек, Астанадағы алып шолу дөңгелегінің экранына композитордың LED-жарықтандыру технологиясы арқылы жасалған портреті шығарылды. Диагоналі 65 метр болатын бейне 53 мың пиксельден тұрады және Сарыарқа, Тұран даңғылдары

мен Қорғалжын тасжолы жағынан анық көрінді.

Музыкалық акциялар мен перформанстар арқылы ұйымдастырылған мерекелік шаралар композитор мұрасының бүгінгі ұрпақ үшін де маңызын көрсетті. Шәмші Қалдаяқовтың әндері әлі де ел жүрегінен орын алып, қазақ музыкасының ажырамас бөлігі ретінде өмір сүріп келеді.

SPORT POWER FEST АШЫЛДЫ

«Астана – есірткісіз қала» қалалық акциясы аясында елордада Astana sport power fest ауқымды жобасының екінші маусымы ресми түрде ашылды.

Орталық саябақта, Атырау көпірі маңында өткен іс-шара Астана қаласы әкімдігінің және елорданың Дене шынықтыру және спорт басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды.

Жоба бұқаралық спортты дамытуға, қала тұрғындарын тұрақты түрде дене шынықтырумен айналысуға шақыру және

салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған ашық қалалық алаң ретінде ұйымдастырылған. Фестиваль төрт кезеңнен тұрады. Ол 15 тамыздан 5 қыркүйекке дейін әр сенбі сайын сағат 17:00-ден 20:00-ге дейін өтеді. Қатысу тегін. Оған жасы әртүрлі белсенді демалысты ұнататын тұрғындармен қатар, ерекше

қажеттіліктері бар азаматтар да қатыса алады.

Спорттық марафон бағдарламасына кәсіби мамандардың жетекшілігімен өтетін ашық жаттығулар, тартысты жарыстар, байқаулар мен интерактивті көше ойындары енгізілген. Маусым аясында күштік спорт пен қол күресіне

қызығатындарды біріктіретін «Мост» атты көше турнирі де ұйымдастырылады.

Ауқымды іс-шараны «Елорда азаматтық альянсы» заңды тұлғалар бірлестігі, «Қазақстанның стронгмендер ұлттық федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі және Қазақстан Республикасының Қол күресі федерациясы ұйымдастырып отыр. Басты мақсат – әрбір қала тұрғыны мен қонағына спортпен айналысып, денсаулығына пайдалы уақыт өткізуге мүмкіндік беретін қолжетімді, қауіпсіз әрі жағымды спорттық орта қалыптастыру.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «ASTANA SPORT POWER FEST» фестивалі мен «Мост» көше турнирі жастар мен отбасылар арасында салауатты демалыс мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Жоба спортты баршаға, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға да қолжетімді етуді көздейді. Фестиваль елорда тұрғындарын спортқа және «Астана – есірткісіз қала» тұжырымдамасына біріктіруге бағытталған.



Маңғыстау облысының өкілі Жантілек Нұртілепұлы («Лабақ батыр») қазақ күресінен еліміздің басты додасы – Qazaqstan Barysy-2026 супертурнирінің жеңімпазы атанып, алғашқы қатысуында-ақ алтын белбеуді жеңіп алды.

«ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ» АНЫҚТАЛДЫ



Қазақстан Республикасының спорт шебері турнир барысында жоғары деңгейдегі шеберлігін көрсетіп, еліміздің үздік балуандарымен тең дәрежеде белдесе алатынын дәлелдеді. Жартылай финалда ол Қостанай облысының өкілі, Қазақстан Республикасының спорт шебері Алмас Жұмағалиды («Өтей») жеңіп, шешуші белдесуге жолдама алды.

Финалда дебютант Жамбыл облысының өкілі, қазақ күресінің танымал балуандарының бірі Ғалымжан Қырықбаймен («Барыс») кездесті. «Қазақстан Барысы-2023» турнирінің жеңімпазы атанған тәжірибелі қарсыласымен өткен тартысты белдесуде Жантілек Нұртілепұлы жеңіске жетіп, карьерасында алғаш рет Qazaqstan Barysy алтын белбеуінің иегері атанды.

Айта кетейік, Жантілек Нұртілепұлы – Qazaqstan Barysy – 2026 турнирінің ең жас қатысушыларының бірі. Соған қарамастан, ол алғашқы қатысуында-ақ алтын белбеуді жеңіп алып, ел балуандарының жаңа буынының әлеуетін айқын көрсетті.

Турнирдің қола жүлдесін Шымкент қаласының өкілі, ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионы Нұрсұлтан Қожагелдіұлы («Батыр») жеңіп алды. Үшінші орын үшін өткен белдесуде ол Қостанай облысының балуаны Алмас Жұмағалидан басым түсті.

Турнир жеңімпазы Qazaqstan Barysy алтын белбеуімен қатар 15 миллион теңге көлеміндегі ақшалай сыйлыққа ие болды. Күміс жүлдегерге күміс белбеу мен 3,5 миллион теңге, ал қола жүлдегерге қола белбеу және 1,5 миллион теңге табысталды.

Бетті дайындаған Шапағат ӘБДІР

2,5 МЫҢ АДАМ ЖҮГІРДІ

Астанада «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Спорт күніне орай «ALMATY RUN» бұқаралық жүгіру іс-шарасы өтті. Триатлон паркінде өткен спорттық іс-шараға 2,5 мыңнан астам адам қатысып, 6,2 шақырым қашықтықты жүгіріп өтті. Іс-шараның мақсаты – бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және тұрғындарды тұрақты түрде дене шынықтырумен айналысуға ынталандыру.

– «ALMATY RUN» бұқаралық жүгіруі Астана қаласының әкімдігі, қалалық прокуратура, Алматы ауданының әкімдігі және Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының қолдауымен өтіп жатыр. Іс-шара тұрғындардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, белсенді демалысты насихаттауға бағытталды. Биылғы іс-шараға тұрғындардың

қызығушылығы жоғары болғаны байқалады. Бүгінгі іс-шараға 2,5 мыңнан астам адам қатысып жатыр. Оның «ALMATY RUN» аталуының себебі – іс-шара Алматы ауданында өтіп жатыр. Мұндай бұқаралық спорттық іс-шаралар тұрғындарды белсенді өмір салтына тартуға мүмкіндік береді, – деді Астана қаласы әкімдігінің спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы басшысының

орынбасары Ержігіт Өсербай.

Жарыс алдында қатысушылар үшін жалпы дене қыздыру жаттығуы өткізілді. Ал жүгіруден кейін тұрғындар стритворкаут, йога, қол күресі және белтемірге тартылу секілді спорт түрлерінен ашық жаттығуларға қатысты. Жарысқа кәсіби спортшылармен қатар әуесқой жүгірушілер, қала тұрғындары мен қонақтары да қатысты.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300 Тапсырыс №97 Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ